

«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы»

***Білімнің бастауы -
балабақшада***

***Балапан тобы
Жалғасбаева.Т.Н.***

2023 жыл.

Білімнің бастауы - балабақшада

Мақсаты: 1-Қыркүйек –Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру,сезіндіру. Өз туган еліне , жерлеріне балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер!Құрметті балалар,апайлар!Сіздерді жарқында қуанышты,айтулы мереке білім күнімен құттықтаймын!

Балалар бүгін бізде ерекше күн 1-Қыркүйек білім күні бұл күні барлық балабақшаларда,мектептерде,басқада білім беру мекемелерінде сабақтар басталады.1-Қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі әр мектепте балабақшаларда тұңғыш қоңырау соғылады.

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрғандар айтылғанда Әнұран
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы,Әнұраным шарықта!

Мемлекеттік әнұранды орындау.

Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі:Калиева.Н.М.

Тосын сәт: Дымбілмес ке леді.

Балалар бұл жерде не болып жатыр?

Тәрбиеші: Бүгін 1-Қыркүйек білім күні,барлық білім ордаларында мереке болып жатыр,алғашқы қоңырау соғылуда.

Бұл қай балабақша?

Топтарының аты қандай?

Балалар мен жолда келе жатып оқушы сөмкесін тауып алдым,ішінде не бар екенін қарайықшы.

Ойын: Қоңырауды құрстыру.

Мики маус: Балалар балабақша туралы ән білесіңдерма?

Ән: «Балабақша»

Ойын: «Тез ажырат»

Шарты:Оқу құралдарды бөлек,ойыншықтарды бөлек жинау.

Би: Дымбілмеспен флешмоб

Балалардың білім күніне арнаған тақпақтары:

Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсіруде бақшамыз.

Көзайым

Бұл екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз осы үйдің гүліміз

Біз осы үйдің сәніміз.

Батыр

Балабақша- анамыз

Оқып білім аламыз

Өнерпаз боп өсетін

Біз-балдырған баламыз!

Раушан

Өсті міне бойымыз

Өсті міне ойымыз

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын мерекеміз!

Айару

Тәрбиеші: Бүгінгі мерекелік 1-Қыркүйек білім күніне арналған ертенгілігіміз аяталды.

Бекітілген
10/19

«Балдырған» бөбекжай балабақшасы

Тәрбиешілер күні

2023ж

Қайырлы күн құрметті әріптестер! Баршаңызды бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймыз, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыстар тілейміз.

Күлім қағып жүретін,
Жүздерінде жыр тұнып.
Жүріңіздер қашанда,
Гүл көктемдей құлпырып.

Істеріңіз сәтті боп,
Биіктерге жетіңіз.
Қиындыққа мойымай,
Асулардан өтіңіз.

«Балапан» тобының тәрбиеленушілерінің мерекелік құттықтауын қабыл алыңыздар!

Ән: «Тәрбиеші апайға»

Айша: Балабақша үйіміз,
Сені жақсы көреміз
Үлкен болып өскенде
Еске алып жүреміз

Алан: Бастап бізді далаға
Серуенге де шығады
Біз шомылсақ жағада
Байқап өзі тұрады

Көзайым: Бізде мұнда әрдайым
Бәрі – бәрі дап дайын
Бізді әрқашан ойлаған
Қоймашыға мың алғыс

Айару: Әлде май ма, құймақ па?
Палау ма әлде сорпама?
Керек болса бал қаймақ

Тәп тәтті тағамы

Апайлар ас маманы

Ойын: «Кедергіден өт»

Қалижан: Витамин жеп қолынан

Өскен сәби баламыз

Дәрігер апай сізге де

Алғыс айтып барамыз.

Раушан: Орын берген бақшадан

Директор апай жақсы адам

Сондықтан да біз үшін

Орны бөлек басқадан

Көзайым: Ақ төсекке жатқызған

Тәтті тамақ ұсынған

Бала болып ойнаған

Күтушімізге мың алғыс

Еркеназ: Мың бұралған ән мен биді үйреткен

Ортамызда жақсы апайым жүр көптен

Әнші апайға, биші апайға мың алғыс

Мұрагер: Бақшадағы күндерді

Есімізге сақтаймыз

Тәрбиеші еңбегін

Бәрімізде ақтаймыз

Ән: «Балабақшам бақытым»

Ойын: Көңілді ойын

Келесі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Н. Михайлқызына береміз.

Ары карай сөз кезегін әріптестерге береміз.

«Балапан» тобының мерекелік құттықтауы осымен аяқталды! Төл
мерекелеріңіз құтты болсын.

Балдырған
10/19

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы: «Спорт-өмір көркі»
Спорттық жарыс

Өткізген тәрбиешілер: Абдигалиева А.С

Досбергенова А.А

2023-2024

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндетті: Әр түрлі спорт түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру, ептіліктерімен, мергендік пен шапшаңдықтарын дамыту.

Құрметті ата-аналар бүгінгі «Спорт өмір көркі» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер!

«Ақбота» және «Балапан» тобының ата-аналарын ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын

Жасқанып ешқашанда мойымайтын

Көңілді спортшылар келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық кәне халқым!

-Олай болса ойынымызды бастамас бұрын денемізді қыздырып алайық,
дене қыздыру жаттығуларын жасайық

Сен менің досымсың

Мен сенің досыңмын

Қолымыздан қатты ұстайық

Көңілді болу үшін

Бір бірімізді құшақтайық

1-кезең «Кім жылдам»

Шарты: Кедергілерден жүгіріп өтіп биіктіктен секіру

2-кезең «Ептілерді анықта»

Шарты: Қойылған кедергілер арасымен ракеткадағы допты түсірмей межеге дейін барып кері қайту.

3-кезең «Көңілді секіртпелер»

Шарты: секіртпемен секіру

4-кезең «Кім көбірек жинайды»

Шарты: Доптарды ұяшықтарға салу.

5-кезең «Кім епті»

Шарты: Хоккей таяғымен допты домалату кедергілер арасымен жүріп өту

6-кезең «Шеңберден өт»

Шарты: Шеңберді денесімен өткізу

7-кезең «Сиқырлы таяқшалар»

Шарты: Гимнастикалық таяқшаларды аяқпен кедергілерге орналастыру.

8-кезең «Сақиналар»

Шарты: Гимнастикалық таяқшамен шеңберді ептілікпен қағып алу

Спорт -көркі өмірдің,

Спорт- досың серігің

Жаттықсаң шымыр боларсың

Шынығып өсіп толарсың,-демекші салауатты өмір салтын ұстанып,спортты
серік етейік.

«Балдырган» бөбекжай балабақшасы

Менің Қазақстаным

25 қазан Республика күні

Өткізген: Досбергенова А.А

2023ж

Менің Қазақстаным

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. ҚР рәміздерін қайталап, еске түсіру.

Әнұран орындалады.

Тәрбиеші: Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикаға қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикаға қарашы!

- Саламатсыңдар ма балалар? Бүгін бізде қандай мейрам?
- Республика күні
- Біз қандай елде тұрып жатырмыз?
- Тәуелсіз, зайырлы, көп ұлтты
- Өзіміздің рәміздерімізді білемізбе?
- Ту, елтаңба, әнұран.

Тәрбиеші: Ендеше балалар додекадр әдісімен тәрбие сағатымызды бастайық

-ҚР президенті кім?

-Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев

-Туымыздың түсі қандай?

-көк

-Отан, туған жер туралы мақал білемізбе?

Көзайым: Азат елдің аспаны ашық

Айару: Тәуелсіз елдің ұлы-өжет, қызы-қайратты, халқы-қаһарман.

Қалижан: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Еркеназ: Атамекен- анаң екен,

Қысылғанда панаң екен

Оразалы: Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол

Айзере: Туған жер алтын бесік

Көзайым: Отан отбасынан басталады.

-Елтаңбамыздың ортасында не орналасқан?

-шаңырақ

Қызықты тапсырма.

Ту, елтаңба, бәйтерек, киіз үй, Ақорда бөлшектерден құрастыру.

Тақпақ

Алан: Республика күні бұл

Мерекеміз мерейлі

Тақпақ айтып жаттаймыз

Тақылдатып көмейді

Мұрагер: Балалармыз бақытты
Балалармыз бақытты
Мерекені тойлайтын
Республика күнінде
Бар жақсыны ойлайтын

Батыр: Мен бақытты баламын
Мен бақытты баламын
Айтқан тілді аламын
Республика күнінде
Жұлдыз болып жанамын

Айша: Әнұраным, жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім

Раушан: Туған жерім сағынарым
Мәңгі бақи шырқалады
Республикам, Әнұраным

Додекадр әдісі:

-Астанамыздың қақ ортасында не орналасқан?

-Бәйтерек

-Жұмбақ шешу

1. Сатайын десем ауыр кілем,
Сатпайын десем тәуір кілем (Жер)

2. Үлкен, үлкен түйені
Тастапты адам шөгеріп
Өркеші бұлтқа тиеді
Бауыры жатыр көгеріп (Тау)

3. Жылт-жылт еткен
Жырадан өткен (Су)

Келесі қызықты тапсырма. Картамызды өздерінің жылы тілектерімен орналастыру.

-Қыран құс қай рәмізде орналасқан?

-Ту

Мақалды жалғастыр

Туған жердің жері де көрікті

Ән: «Тәуелсіз елдің ұланы»

Тәрбиеші:

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.

25 Қазан-Республика күніне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды.

Бекітілген
10/10

«Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы:

«Берекелі алтын күз»

Өткізген тәрбиеші: Абдигалиева.А.С

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл күй орнату. Балаларға ән салуға, би билеуге, түрлі іс әрекетке тарту. Шығармашылық ой қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата аналар қауымымен тығыз қарым қатынас орнату.

Күзгі әуен ойнап тұрады

Алтын күз сол әуенмен билеп жүреді қолында себеті бар.

Ұйықтап жатырған мыстан орнынан ұшып тұрып бұл не айқай шу менің мазамды алдыңдарға.

Алтын күз: мыстан ашуланбаңыз бұл балалар Алтын күз мерекесін тойламақшы.

Мыстан: мен сендерге өз өнерімді көрсетемін сыпырғышқа мініп алып ары бері ұшады.

Саңырауқұлақ: Ойй ойй мыстан бұның жарамады

Түлкі: Ой балалар балалар, мен сендерге кеп қалдым алтын күз мерекесін бірге өткізсек қалай қарайсындар?

Бұлт: ашуланып бұл түлкіге сенбеңдер балаларды алдап кетпекші.

Түлкі: Мен қырдың сары түлкісімін алтын күз мерекесіне ерекше дайындықпен келдім ешкімді алдап арбамауға уәде беремін мерекені жүргізуді маған сеніп тапсырыңыздар. Мыстан балалардың өнерін тамашалап демалып отырыңыз.

Армысыздар, халайық

Бармысыздар халайық

Күзгі тойды жұп жазбай

Бірге қарсы алайық!

Құрметті қонақтар бүгінгі жыл мезгілінің ең тамамша «Берекелі алтын күз атты» ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Өнер десе жайнаймыз

Алтын күзге арнаған

Әнімізді шырқаймыз балалардың орындауында

Ән: «Кап кап»

Төңірек толы сары алтын

Күз келді туған жеріме

Шуағы нұрлы жайнаған

Алтын күз әсем айналам балалардың тапқатарына кезек берелік

Айдай: Сарғайды тоғай

Сап сары маңай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып

Жансен: Алтын, сары, қызыл көк

Алуан алуан жапырақ

Айша: Күзім ау, күзім ау

Мінезің бұзық ау

Жаңбырың сіркіреп

Келгенің қызық ау

Мұстафа: Жапырақ ұшты

Суықта түсті

Амира: Қарашы күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Жүргізуші: Берекелі сары күз

Тамылжыды балбырап

Мәуелі ағаш сары уыз

Майысады албырап

Би: «Көкөністер мен жемістер»

Бұлт: ашуланып бекерге қарап тұрмайын
Балалармен күнмен жаңбыр ойнын ойнайын.

Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Жүргізуші: Алма пісіп, алмұрт түсіп

Күзде бақтар жайнайды
Құстар қайтып қош айтысып
Қимас үнмен сайрайды.

Топтық би: «Алма теру»

Жүргізуші: Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды
Күз әуені кеп жетті
Әнге бөлеп жастарды.

Би: «Саңырауқұлақтар»

Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді
Құс біткен керуен түзеді
Қара бұлт қабағын түйеді.

Ойын: «Қолшатыр»

Мыстан: балалар өнерлерің тамаша екен менің көңілім бір көтеріліп қалды
енді қайтайын сендерге үлкен рахмет!

Жүргізуші: Сұры бұлт түсі суық қаптайды аспан

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан
Білмеймін тойғанымды тоңғанымды
Жылқы ойнап бие қашқан тай жарысқан
осымен «Ақбота» тобының ұйымдастырған ертенгілігі аяқталды.
Құттықтау сөз.

Бесімсіз
мәңгі

«Балдырған бөбекжай- балабақшасы»

Ертеңгілік
«Арайлы, алтын күз!»



«Балапан тобы»
Жалғасбаева Тілекші Нұрсұлтанқызы

«Арайлы, алтын күз!»

Мақсаты:

Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы, білімдерін бекіту. Табиғат әсемділігін эстетикалық түрде сезіну.

Күз көрінісін ән, би, ойын арқылы сипаттау. Тақпақ, әндер айту арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту.

Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Залды күзге байланысты безендіру.

Жүргізуші:

Сары жібек көйлегін желбіретіп,

Жапырағын ағаштың селдіретіп,

Тойға бөлеп елімді, күзім келді,

Нұр тамшысын аспанның молдіретіп

Тілеймін аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі

Молшылықтың жаршысы бола білсін

Алтын күз ырыс, бірлік ала келсін!

Армысыздар! Құрметті анайлар, ата аналар, кішкентай бүлдіршіндер! Бүгінгі «Балапан» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің «Арайлы, алтын күз!» атты күзгі мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Музыка әуенмен залға балалар келеді

Мерекелік ертеңгілігімізді бастамас бұрын балабақша меңгерушісі Науат Михайлқызына сөз кезегін берейік.

Күз адам баласына молшылық, береке әкелетін мезгіл. Сондықтан да адамдар күзге; берекелі, мерекелі, алтын күз деп алтынға теңейді, себебі күз мезгілінде айналаның барлығы сап сары түске боялады. Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын.

Жүргізуші:

Балалар менің қолымда сиқырлы кубик - рубик бар оны айналдырған сайын түрлі сұрақтар шығады екен

Сұрақ – жауап:

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде неше ай бар? Аттарын атап бер

Ауа райында қандай өзгерістер болады?

Күзгі еңбек туралы білесіңбе?

Жұмбақ шеше білесіңдер ме? Ағайынды бәрі, шықса жасыл, түссе сары

Күз туралы тақпақ білесіңдерме?

Балалардың тақпағы:

Жапырақтар сарғайған

Күн бұлтты болады

Жаңбыр жиі жауады

Құстар ұшып барады Мұрагер

Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді
Кел жемісті алтын күз
Кемелденсін ел енді Алан

Берекелі, мерекелі
Келді жомарт алтын күз
Қалада да, далада да
Жарқырайды жарқын күз Жайық Көзайым

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді Көркем

Қамба толды астыққа
Алғыс саған, Алтын күз
Бір уыс дән шаштықта
Қап қап астық алдық біз Раушан

Алтын алтын
Сары алтын
Алтын күзде
Нұр жатыр Халид

Күзім ау, күзім ау
Мінезің бұзық ау Азима

Егінім пісті алқапта
Қазағымның ырысы
Төрт түлігім семірді
Көз тартады тұрысы Айару Мұратбекова

Жүргізуші:

Ал,балалар,балалар
Енді бері қараңдар
Бізге қонақ келмекші
Сендерді бір көрмекші
Әуелі жұмбақ жасырам
Құлығымды асырам
Таба алсаңдар шешімін
Қонақты ортаға шақырам
 Жұмбақ
Көк майсалы көрікті,алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті,сары жібек көйлегін
Бұл кім,балалар?

Күз ханшасы:

Уа халайық, дархан далам армысың
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр
Алмақ болып бар халықымның алғысын.

Мен өзіммен бірге айларымды ала келдім

Қыркүйек айы

Бірінші қыркүйек

Қоңырау соғылды

Күміс күй төгілді

Білімге талпынған

Балалар жиылды

Қалижан

Қазан айы

Күздің қазан айында

Алма алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбыр сыбыр етеді

Көзайым Жаңғылыш

Қараша айы

Қараша айы жасай бер

Бар өмірдің белесі

Адамзатқа бақберген

Он екі айдың төресі

Оразалы

Ойын: «Түсіне қарай топтастыр»

Жүргізуші: Хош келдің Күз ханшайымы! Төрлетіңіз Біздің балалар әнде, тақпақта айтады, биде билей алады. Біздің балалардың өнерлерін тамашалаңыз.

Ал ендеше балалар қонағымызға өнерлерімізді ұсынайық.

Терістіктен желдетіп,

Жаңбырлатып, селдетіп

Шаттандырып біздерді

Өлкемізге күз келді

Ән: «Күз келгенде»

Балалар күз туралы тақпақ айтып берейік Алтын күзге

Алақай, алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті, дән пісті

Айтамыз алғысты

Батыр

Көбейді құт береке

Астық толы қамбамыз

Құтты болсын мереке

Алтын күзді тойлаймыз

Айнамақоз

Көк майсалы, көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киінгі

Сары жібек көйлегін

Алинұр

Алтынға бояп өңірді

Күзім келді көңілді

Бау бақшада орманда

Сары жапырақ төгілді

Азиз

Ән салайық күлейік
Жайнап гүлдей жүрейік
Күздің тойын тойлайық
Би билейік ойнайық

Еркеназ

Қараша күз келді, күз келді
Құстарда керуен тізеді
Қара бұлт қабағын түйеді

Айша Т.

Күздің айы тамаша
Жеміс жидек піседі
Қоймаларға түседі

Абдуллах

Жүргізуші:
Ән салайық күлiндер,
Жайнап гүлдей жүрiндер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік ойнайық.

Би: «Бұлттар биі»

Раушан: тоқтандаршы әлім кетіп, көзім бұлдырап, басым айналып барады

Жүргізуші: енді нестейміз?

Дәрігер шақырайық па?

Раушан: жоқ дәрігер керек емес, өзім тұрамын

Жүргізуші: онда дәрі ішесің бе?

Жоқ ішпеймін

Балалар дәрігер шақырайық

Жәдел жәрдем машинасының дыбысы естіледі

Дәрігер келеді:

Мені неге шақырдыңдар, қандай шағымдарыңыз бар?

Жүргізуші: Раушанға көмек керек

Дәрігер: қазір қарайын, неден ауырғанын анықтайын

Фонендоскоппен кеудесін тыңдайды, аузынды ашшы

Тістерің түскен екен тәттіні көп жегенсің ғой, тамағың іспеген,

қол аяғың әлсіз, қызуың ыстық екен

білдім неден ауырғаныңды, ағзана дәрумендер жетіспейді екен

табиғи дәрумен ішу керек, көкөніс пен жемістер жеу керек

Қызанақ дәрумендерімен кіріп келеді топқа

Қызанақ: Амансыңдарма балалар! Мына жерде не боп жатыр, осы жерден өтіп бара

жатып, дәрумен керек деген сөзді естіп қалдым да, көкөніс пен жемістерімді ала

келдім. Бау бақшадағы көкөністер мен жемістер әбден пісті.

Балалардың тақпақтары:

Алма

Дәмі аузыңнан кетпейді

Қызыл алма шырын бал

Піскен кезде үзіп ал

Кәусар

Өрік

Уылжыған өрікпін

Бау бақшаға көрікпін

Медина

Жүзім

Мен жүзіммін жүзіммін

Моншақ болыптізілдім Айару Арман

Шие

Шиемін мен шиемін

Күн сәулесін сүйемін

Жемістерім піскенде

Басымды мен немін Ибрагим

Алма

Дәмі аузыңнан кетпейді

Қызыл алма шырын бал

Піскен кезде үзін ал Кәусар

Сәбіз

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды

Қоянға мен керекпін

Мен сәбізбін азықпын Айзере

Шалқан

Кім білмейді шалқанды

Дәміңді татып таң қалды Омар

Қызанақ

Піскен кезде қызанақ

Көз тартар қызыл түсімен Нұрәли

Алмұрт

Мен алмұртпын, алмұртпын

Күзде жинап алатын Ерқанат

Ән: «Орманға барамыз»

Қоян келеді: сәлеметсіңдер ме балалар! Мен орманнан келе жатырмын, ормандағы барлық аңдар күн суытқасын қыс мезгіліне азықтарын дайындап жатыр. Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін табыңдар
Үсті толы ине, өзін қорғай алады
Қорықса домаланып қалады (Кірпі)

Бұтақтан бұтаққа секірген
Кішкентай ғана шапшаң аң (Тиін)

Жарайсыңдар балалар жұмбақты дұрыс шештіңдер
Кірпі мен Тиін қысқа азықтарын жинамапты, олар не жейді білесіздерме?

Балалар:
Тиін жаңғақ жейді,
Кірпі:
Алма жейді
Қоян: менің себетімде барлығы араласып жатыр маған ажыратып салып бересіздер ме?

Ойын: «Тез ажырат»

Жүргізуші; балалар қонақтарымызға би билеп берейікші
Би: «Саңырауқұлақтар биі»

Алтын күз; Балалар барлығында өнерлі екенсіңдер рахмет сендерге, мен басқа балабақша бүлдіршіндеріне баятын уақытым болды. Сау болыңыздар!
Жүргізуші; Балалар, Алтын күзге рахмет айтайық! Сау болыңыз!

Құрметті қонақтар
Айналайын балалар
Мерекеміз бүгінгі
Естен кетпес күн болды
Бақыт тілеп баршаға
Аман саулық тілейміз!

Осымен күз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды, сау болыңыздар! Зейін
қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!